

Оралмандардың ауызекі сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері

Абишева Р.Р.

(әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы)

жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Тіл деген үнемі өсіп, өзгеріп отыратын қозғалысты(динамикалық) құбылыс. Мысалы, әр дәуір этностарымен бүгінгі ұрпақ қатынасы үшін араға тілмаш қажет. Өйткені, әрбір халықтың ахуал-тұрмысы, өмір салтына келген өзгеріс ұлттың мәдениетіне де белгілі жаңалықтар әкелмей қоймайды. Оның бір дәлелі - XX ғасырда қазақтың өзінің таза этникалық нәсілдік ортасынан алыстап, көп ұлт өкілдерімен серіктесіп өмір сүруі. Мысалы, Қазақстандағы қазақтарға орыс, Қытайдағы қазақтарға қытай, Моңғолиядағы қазақтарға моңғол, Түркиядағы қазақтарға түрік тілінің белгілі әсері болды. Соның нәтижесінде XX ғасырдағы жалпы ұлт тілі – қазақ тілі елеулі өзгерістерді басынан кешірді.

Бүгінгі қазақ тілі жалпы әлемдік дамудың деңгейінде тұрған дамыған тіл. Қазақ тілінің лексикасы қатпарлы қалың дүние. Қазақ тілі лексикасы үш қабаттан тұрады:

1. жалпы түркілік қабат
2. қыпшақтық (орта түркілік) қабат
3. таза ұлттық қабат

Тіл – динамикалық құбылыс, үздіксіз дамып отыратын процесс. Лексика құрамының өзгеруі – сөздің мағынасының өзгеруі. Сөз мағынасының өзгеруі тілдің сапалық деңгейін арттырады.

Ғалымдардың пікірінше, заман ағымына қарай сөз мағынасы мүлде жаңарады, оның бірде аясы кеңейе түседі, бірде тарылады.

Дәуір өзгерген сайын адам баласының ұғым-түсінігі де дамып, өзгеріске ұшырайды. Басқа тілден сөз алу, сөз жасау және сол сөздің мағынасын, қызметін кеңейту арқылы жаңа ұғымды көрсету деген сөз. Қазақ тілі лексикологиясының ішкі даму заңдылықтарын терең зерттеген ғалым Б.Сағындықұлы былай деп жазды: «Біздің бақылауымызша, алғашқы түбірлер үш түрлі бағытта дамыған. Олар әрі фонетикалық, әрі семантикалық, әрі грамматикалық жағынан өзгерген. Сондықтан, олардың варианттары басқа сөздер сияқты сыртқы тұлғасы сақталып, мағынасы өзгерген, түбір мағынасы сақталып, дыбыстық-морфологиялық рең алған сөздер де бар. Әр сөзді жеке-жеке талдағанда, сыр-сипаты ашылады».

Оралмандар тілінің ерекшеліктерін сөз еткенде, олардың басынан кешкен сан алуан тарихи, саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескерген жөн. Санамалап айтар болсақ: біріншіден, Кеңес Үкіметі тұсындағы саяси-әлеуметтік қарама-қайшылықтардың салдарынан атажұртпен қарым-қатынастың шектелуі; екіншіден, қазақ тіліндегі мектептер мен балабақшалардың, мәдени орындардың,

баспасөз, теледидар құралдарының болмауы; үшіншіден, жазу графикасының араб, латынша болып, орыс кириллицасын түсіндіру қиынға түсуі; төртіншіден, қазақ тілінің тек отбасында ғана қолданылатын ауызекі қарым-қатынас құралы ретінде ғана қызмет атқаруы; бесіншіден, өздері мекен еткен тілдік ортаның әсері, яғни солармен тығыз қарым-қатынаста болуы т.б.

Дегенмен, осындай қайшылықтар мен әрекеттер бола тұрса да, қандастарымыз ана тілде сөйлеудің қатаң тәртібін сақтаған. Оралман қазақтары тілін басқа тілдерден оқшауландырып тұратын басты лексикалық ерекшеліктердің бірі – басқа тілдерден енген сөздердің молдығы. Сөзімізге дәлел ретінде ақын-жазушылардың еңбектерінен алынған жергілікті сипаты бар үлгілерден мысалдар келтіре кетсек: *«Рақымды» ияужаң көк мешпетінің жеңін түріп, маған қарай мамырлады. Жарқыратып, таза сүртіпті, жуған киімдерін дәзмал(үтік) салып қаттап(бүктеп) қойыпты. Момы – нан, дас – табақ. Момыны үстелге төңкере салып, дасты соның басына кигізе қойдым.* (Қ.Шабданұлы, «Қылмыс»).

Оралман қазақтары тіліндегі адамның жағымсыз іс-әрекетін бейнелейтін тіркестер:

собыл – бос белбеу, болбыр

сәт екен – жаман екен (*киімі сәт екен*)

қағаз қалпақ кигізу – алдау, өтірік айту

сымбалдан өту – сынақтан өткен адам

көрген бас-сирақ – сыры белгілі адам

теке тойлы болу – тоқ та емес, аш та емес

Қай тілді алсақ та, оның құрамына енетін сөздің лексикасы сол тілдің әдеби нормасынан алыс кетпейді. Мысалы:

дәп, үрдіс, дөп-дәбе (әдеби тілде «дәстүр, әдет-ғұрып» деген мағына)

жаба, шаршақ («айыр, темір» деген мағына береді).

Ендігі лексикалық ерекшеліктердің бірі тұлға жағынан әдеби тілдегі сөздермен ұқсас болып келетін, бірақ мағына жағынан бөлек, үстеме мағынада жұмсалатын диалектизмдер. Мысалы: *ашына – таныс*. Әдеби тілдегі мағынасы «көңілдес». Әдеби тіліміздегі «үй (зат есім)» және «үй (етістік)» сөздері Ауған, Иран қазақтары тілінде «бөлме» мағынасын білдіреді.

ҚХР-дан келген жастар тілінде қолданылып жүрген бірқатар сөздерде қытай және ұйғыр тілдерінің элементтері ұшырасады және әдеби тілде олардың бірқатары кездеспейді. Мысалы: *дәсмал/дәзмал, идара - контора, янаттау - ұрсу, дөдеге - богат, уақыт тошты - уақыт болды, жозы - аласа үстел, шорнабай - черновик, кілет – қамба* және т.б.

Басқа өңірден оралған қазақтар тілімен салыстырғанда, Қытай және Моңғолия қазақтары күні бүгінге дейін ана тілінің аясын тарылтпай, жақсы сақтап келгендігі байқалады.

Қытай қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктері бар үй бұйымдары, ыдыс-аяқ, құрал-сайман, әр-түрлі керек-жарақтарға байланысты сөздер:

абажар – «абажур», шамның астыңғы жағына жарық түсіру үшін және көзді күшті жарықтан сақтау үшін арналған қалқанша.

бақыр – су құятын үлкен ожау (оңтүстік өңірде *бақыр* деп шелекті айтады).

боқша – сумка, дорба (матадан тігілген), *бумонша* – монша (біздіңше парная)

майчам – майшам (жүннен, мақтадан есіп, малдың майына батырып жасалған, түнде жарық ретінде пайдаланады).

тауша – қабырғадан ойып жасалған ыдыс қоятын орын.

тонар меш (пеш) – тандыр пеш, **п/м** дыбыстық өзгеріске ұшыраған.

шылапшын – кір жуатын ыдыс, *құбыр* – қол жуғыш(умывальник),

шайтақтай – шай ішетін дөңгелек үстел.

Іс-әрекетке байланысты сөздер:

алқын-жұлқын келу – асығыс, шұғыл келу, *әке-ау* – таңдану одағайы

доңғалау – арбаның дөңгелегі де *доңғалақ* деп аталады

ұрдалып-жырдалып – жасырын, ешкімге білдірмей, *көп кетсе* – көп болса

мыжғау – мылжың, *кәдуілгі* – кәдімгі, *сән* – жақсы, *әумәсір* – нәумәсір

лаңы-мұңы – бәкін-шүкін – шорым-борым, яғни майда-шүйде

қиын – өте: *Үй қиын* әдемі екен.

әскере - әсіре, өте, аса: *Әскере* қызыл тез оңады.

күйісі кету – береке-жағдайы болмау, *шағу* – сындыру

сәлем-сауқыт беру – сыйлық беру(амандық-есендік айтып, сәлем-сауқыт тапсыру),

тізгін ұшымен келу – асығыс, тез келу

жұмысқа түсу – жұмысқа кіру, *қиыс етсе* – қит етсе

ерсі – «жақсы» мағынасында, ал оңтүстік өңірде «қажетсіз, артық әрекет».

дізгін ұшымен келу – асығыс келу, тез келу, *жазыда* – түзде, жапан далада

жарықшы – сынықшы, емші, *кежір* – қыңыр, қияли адам

көк сыну – шалғын, шабылған шөптің тігін жығу

оразды – бақытты, болашақты: *Оразды* елдің ұлы өседі.

жиырлы – ырысты (қыз балаға айтылады): *Ырысты* елдің қызы өседі.

тәрік – жоқ қылу, күйрету. Оның малын *тәрік* етті.

нартың – асылың, ісің. Өзінің жақыны, сүйіктісі.

асмар – табыстау, тапсыру. Баласына мал-мүлкін *асмар* етті.

тебір – тентек, шектен асу, шұнаңдау

атайы – шынайы, нағыз. *Атайы* жігіт.

абадан – көкжал. Топтың ішіндегі *абаданы* сол жігіт.

жылымы – жаманмен дос болсаң, *жылымы* күлкі етеді.

өзден – озып шыққан, мықты.

емсеу – көксеу, сағыну, аңсау. Алыста жүріп ата-анасын *емсеу*.

қарақ – қомағай, тамақсау. *бұлтсаты* – бұлт бүркенген тау жолдары.

теңіз күні – теңізден көтерілген күн, *аламан* – көпшілік қауым.

жады – үйден шықпайтын, жатып ішер адам.

сой – шығу тегі. *газан* – ашу, ыза, кек.

ағаш күшіктеді – ағаш бүрледі, бүршік жарды.

соз – жалқау, тоңмойын адамға айтылатын сөз.

Моңғол қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктері бар сөздер:

түсу – міну, отыру. Мәшінге *түсіп* кетіңіз.

баю – біту, аяқтау. Төл *байыды* (төлді көгендеп бітті).

әмір джоқ – дамыл жоқ, дамылсыз. Бұл арада кешке дейін *әмір джоқ*.

тұяқ джібу – ет жеу. Бір мал сойып, *тұяқ джібіттік*.

күреңқабак тану – ұрсысу. Екеуі *күреңқабактасып қапты*.

джаныстыру – шағыстыру, *баспақтай болу* – кіп-кішкене болу

кормалдасу – жанжалдасу, *селбегі тию* – пайдасы тию

сырғауаңдау – сараң болу, қу болу

түсел түсу – кісі үзілмеу, адам көп келу. *Түсел түсіп* джататын үй.

қылқұртсу – мүләйімсу, момынсу, *чылаң бітпеу* – семірмеу

сепсеңдеу – секеңдеу, *оңаты келмеу* – реті келмеу, ыңғайы келмеу

джолгасу – кездесу, *ләйләга келмеу* – тілге көнбеу, *өкчө көтеру* – кету, жүру

билетпеу – көп ішу (тамақты), *джойбарсу* – мықтысыну

мүттем – мүлде, мүлдем. Қою тамақты *мүттем* іше алмайтын бопты.

Қытай қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктері бар үй-жай, қора-қопсы, әр түрлі бұйымдарға байланысты сөздер:

далаң – коридор, көшенің сыртындағы бөлме.

көше - ауызғы үй: Күн жылы болған соң, *көшені* үй етіп отырмау.

шуал - тошала, шошала: *Шуалда* ет, азық-түлік тұрады.

жер саты – үйдің баспалдағы. *шыққыш* - басқыш (саты). *кілет* – қойма.

там – үй: Төрт бөлмелі *тамда* тұрады. *қазандық* – мұржасы жоқ ошақ.

құмыра, *бөтелке* – Батыс Қазақстанда «шөлмек» деп айтады, Семей өңірінде насыбай салатын ыдысты да, шақшаны да *құмыра* дейді.

бақыр – бидай қуыруға арналған үлкен ожау (*бақыр* - оңтүстік өңірде «шелек», Қытай қазақтары тілінде «ожау»).

шөрке – ағаш жару үшін пайдаланатын дөңке ағаш, «чурка». Орыс тілінен енген.

тесе – шот сияқты, кетпеннен кіші құрал.

лапас – мал ұстауға қолайлы төбесі жабық қора. Оңтүстікте *күрке*.

ақ керіш - әк, известь. Оны Республиканың солтүстігінде *ақ балшық* дейді.

бағар – тоқылған бидай сақтайтын қап.
боқша – сумка, портфель, дорба.
дөдеге – карниздің синонимі, боғат. *шот* – есіктің ілгегі, крючок.
шапашот – шот. *шапқы* – темір тескіш.
түрпі – ірі, үлкен егеу. («түрпідей тию» фразасы «егеудей тию» болып шығады).
мостемір – үш аяқты шай қайнату үшін пайдаланатын құрал. *бедре* – шелек.
шаттауық – темір қысқыш. *лес* – нан пісіретін, төрт бұрышты таба.
кәрлен кәсе – бояулы кесе.
әкпіш, күйенте – су таситын иін ағаш, су ағаш; *мойынағаш, иықағаш* (өзге өңір қазақтары сөйленісінде).
бүктеме – ақша қапшығы, күмәшник (орысша *бумажник*).
себет, коридор – ауыз үй. *тиек* – есіктің бұрап жабатын қарапайым ілгегі.
шыққыш – саты, маяның төбесіне шығу үшін жасалған басқыш.
кілет – қамба, склад. *далба* – күрке, үйшік; егіс басында демалу үшін жасалған үйшік.
мескей – орыстың *миска* сөзінен алынуы мүмкін.
тегеш – іші эмальданған бір жарым литрлік ыдыс.
кәтел – шелек, орыстың *котел* сөзінен шықса керек.
тауша – ыдыс қоятын, үйдің қабырғасында болатын ойық орын. Кей жерлерде *асадал* дейді.
дас – асқа арналған леген, тегене орнына қолданылады. Қазақстанның көп жерінде (*шылапшын, ілеген*) сөзінің синонимі, қол жууға арналған ыдыс ретінде қолданылады.
қама – қақпа. Машина, арба сияқты көлік кіргенде ашып-жабатын үлкен есігі.
шишақпақ – сіріңке. Өзге өңірлерде: *кеуірт, шырпы, шақпақ, спечка, спичка, шағар* болып қолданылады.
мық (қырғыз тілінде шеге - *мық* деп аталады) – ұсақ шеге. *Өзі мық шегедей* деген тіркес бар. *иін ағаш* – *күйенте* деп те атайды. *тартпа* – шалғы, белорақ.
айырағаш – айыр. *першіл* – врач, «фельдшер» сөзінен шыққан.
құлақшын – кружка, *құйма* – жуынатын су, *бәкі* – ұстара, *бастырма* – лапас, *шаршақ* – айыр, *жозы* – аласа, дөңгелек үстел.
қоян құлақ шам – лампасыз шам.

Қорыта айтсақ, оралмандар тіліндегі лексикалық ерекшеліктерді анықтай келе, олар өздері мекен еткен елдегі сан жағынан молырақ халықпен тікелей, қоян-қолтық араласуының нәтижесінде екі тілдік сипатқа ие болған. Бұл құбылыстың қалыптасуына, әрине, ішкі және сыртқы тілдік факторлар себепші болған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі және оралман // Ғылыми конференцияға қатысушылар үндеуінен. – Алматы: Өлке, 2006.
2. Мұстафаұлы С.Тұрақты тіркестердегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 2003.
3. Базылхан Б. Моңғолиядағы қазақтар тілі. Уланбаатар-Өлгий, 1980.
4. Шабданұлы Қ. Қылмыс. – Алматы: Атажұрт, 2009. – I-VI том.

Түйін сөз

Мақалада оралмандардың ауызекі сөйлеу тіл ерекшеліктерінің кейбір мәселелері айтылады.

Резюме

В статье говорится об особенностях разговорной речи репатриантов.